

СОЛ ЖАҚТА-ОҢ ЖАҚТА, ЗАТТАРДЫ СӘЙКЕСТЕНДІРУ.**ТӨЛТАЕВА НАЗЕРКЕ СЕРІКБАЙҚЫЗЫ**

Қызылорда облысы «Күнім-ай» мемлекеттік емес білім мекемесі тәрбиеші.

Мақсаты: тәулік түн бөлігімен таныстыру; осы сөздерді сөйлеу барысында қолдану; таныс заттарды көлеміне қарай (үлкен-кіші) және санына қарай (үлкен -кіші) және санына қарай (бір-көп) салыстыруды үйрету. Қоршаған ортадан бір және көп затты, үлкен және кіші затты таба білуді дамыту. Шыдамдылыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу.

Қажетті құрал-жабдықтар мен көрнекіліктер: Ойыншық қоян, перде, заттардың оң жақ немесе сол жақ екенін көруге болатын сурет.

Қостілділік компонент: Сол жақта-слева, оң жақта-справа, дөңгелек- круг.

Оқу қызметінің кезеңдері

Тәрбиешінің іс-әрекеті

Балалардың іс-әрекеті

Мотивациялық-қозғаушылық

Ғажайып сәт.

Жұмбақ жасырады.

Қалқиып ұзын құлағы,

Елеңдеп қорқып тұрады. (қоян)

Сендер мұның не екенін білесіңдерме?

-Перденің артынан қоян шығады.

Балалармен амандасады.

Қоян балалардан өткен оқу қызметінде тәуліктің қай бөлігі туралы әңгімелегендерін еске түсіруді сұрайды.

Қызығушылық танытады.

Тыңдап шешуін айтады:

қоян

-Иә, бұл қоян.

Балалар сұраққа жауап береді: таңертең, күндіз, кеш, түн.

Ұйымдастырушылық –ізденістік

«Не қайда тұр» ойыны.

Тәрбиеші жұмбақ жасырады:

«Қалқиған екі құлағы,

Тырс етсе зытып тұрады.

Өзі ноян, Бұл қорқақ....» (Қоян)

Қоян өзін суреттен табуын сұрайды.

Қоян балаларға мыныдай сұрақтар қойып, олармен әңгімелеседі.

-Менің сол жағымда не отыр?

-Менің оң жағымда қандай аң отыр?

Сергіту минуты. «Қоян»

Ыршып-ыршып секіріп ,

Қоян келді кеңкііп.
Аяқтары жаураған,
Қолдары да жаураған,
Жылытпақ боп тырысты
Жүгірді де қуысты.
Бір жоғары,бір төмен
Жүр аяқтың ұшымен.
Секіреміз,отырамыз,
Аяқтарды жылытамыз.
Балалар жұмбақты мұқият тыңдап,шешуін табады.
Балалар суреттен қоянды табады.
-Түлкі отыр.
-Қасқыр.

Рефлексиялық-түзетушілік

Қоян тапсырманы дұрыс орындағандары үшін балаларға рахмет айтады.Балалармен қоштасады.

Сұрақ қояды:

- Біз қарындашты қай қолымызбен ұстаймыз?
 - Енді, сол қолдарыңды көтеріңдер.
 - Біздің тобымыздағы дөңгелек пішінді заттарды атап беріңдерші?
- Балалар қуанады.
Қоянмен қоштасады.
-Оң қолымызбен.
Сол қолдарын көтереді.
Балалар аттай бастайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: заттар мен фигуралардың саны бойынша әртүрлі топтарын атайды;

Игерді: сол жақты-оң жақты, қанша болса, соншаны;

Меңгерді: қоршаған ортадан дөңгелек пішінді заттарды таба білуді.

«Көршісін тап» ойыны

Кіші көршім оң жакта,
Үлкен көршім сол жакта,

Тұрушы еді қасымда,
Қайда кеткен жан-жаққа.



ҒАРЫШҚА САПАР

КАРЖАУОВА ЖАНАР БЕКТИЛЕУОВНА

*Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы Қызылсай ауылы
№ 9 «Қызылсай» бөбекжайы тәрбиеші.*

Мақсаты:

Білімділік: балалардың ғарыш, әлем туралы ұғымдарын қалыптастыру, Күн, жұлдыздар, Ай, Жер, ғаламшар жайлы мағлұматтар беру, іс-әрекетте балалардың геометриялық пішіндерді естеріне түсіру. **Дамытушылық:** балалардың ақыл-ойын іс-әрекетте қызығушылықтарын дамыту, қимыл-қозғалыстарын жетілдіру.

Тәрбиелік: айналаны қоршаған орта жайында білімдерін кеңейту, үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.

Балалар, бүгін бізде тіл дамыту іс-әрекеті. Іс-әрекеттің тақырыбы «Ғарышқа сапар».

Шаттық шеңбер

Қайырлы таң,
Ормандар мен далалар.
Қайырлы таң,
Достасқан бар балалар.
Қайырлы таң,
Біздің балабақшамыз.
Қайырлы таң,
Ғаламшарымыз.

Жұмбақ жасыру.

Ұшады қанатсыз
Зырлайды аяқсыз (ЗЫМЫРАН)

Сұрақ-жауап.

- Балалар ғарышқа немен ұшады? (Зымыранмен ұшады)
- Зымыранды қандай геометриялық пішіндерден құрастырамыз? (Үшбұрыш, тіктөртбұрыш, дөңгелек)
- Енді осы бөлшектерден зымыранды құрастырайық. Сол құрастырған зымыранмен ғарышқа ұшатын боламыз. (Зымыран құрастырады)
- Міне, ғарыш әлеміне де келіп қалдық. Балалар кеш түсіп, аспан қараңғыланады. Біз аспаннан нені көреміз? (жұлдызды аспанды көреміз.)
- Бұл не? (жұлдыздар, планеталар)
- Осыларды бір сөзбен қалай атауға болды? (Ғарыш)
- Бүгін міне, осы ғарыш туралы әңгімелейтін боламыз.
- Балалар, аспанда қанша жұлдыз бар? (Көп)
- Дұрыс.

Күн сайын аспаннан көп көретін, бізге жылуын беретін күн, ол аспандағы көп жұлдыздың бірі. Ол басқа жұлдыздардан бізге жақын тұрғандықтан үлкен және дөңгелек болып көрінеді. Күн- ең үлкен және ыссы жұлдыз. Ыстықтан оған жақындай алмайсың. Тіпті оған қарай алмайсың: тым жарық.

-Кім айтады, күн қай бағытта, қалай жүреді? (балалардың жауабы)

-Дұрыс. Күн сайын күн Шығыстан шығып, Батысқа батады. Күн біздің жерді айналып жүрген сияқты көрінеді. Бірақ тіптен олай емес. Негізі біздің жеріміз және басқа планетелар күнді айналады. Күнді және оны айналып жүрген планеталарды күн жүйесінің құрылымы деп атаймыз. Қайталайықшы.

Балалар: Күн жүйесінің құрылымы.

-Міне, күн жүйесінің құрылымы. Күн-жүйесінің орталығы болып саналады.

-Күн жүйесінде неше планета бар? (9 планета бар)

-Кім атап береді? (Меркурий, Венера, Жер, Марс, Юпитер, Сатурн, Уран, Нептун, Плутон)

-Ал балалар, осы планеталарды біз аспанға қарап көре аламыз ба? (Жоқ)

Сергіту сәті:

Аспан, аспан, арайлым,
Саған жиі қараймын.
Сені көзбен шоламын,
Мен ғарышкер боламын.

Ойын «Ұшты,ұшты».

-Ал кім айтады ғарышқа немен ұшады? Ұшақ, тікұшақ ұша ма? (Зымыранмен ұшады)

-Дұрыс. Ғарышқа зымыранмен ұшады.

-Ал ол зымыранмен ұшатын кімдер? (Ғарышкерлер)

-Ең алғашқы ғарышқа ұшқан ғарышкер кім (Юрий Гагарин)

-Ал ең алғашқы қазақ ғарышкерлерін атаңдаршы. (Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев және Айдын Айымбетов)

Ғарышкерлер туралы тақпақ айту.

Жерден басқа планеталарда тіршілік жоқ, ауа жоқ, сондықтан да ғарышкерлер арнайы киім киеді. Оны – скафандр деп атайды. Ғарышкерлерге арналған бұл киім арнайы жабдықталған, бұл киімнен ыстық та, суық та өтпейді және арнайы сөйлесу үшін радиомен жабдықталған.

Балалар кім айтады күн жүйесіндегі тоғыз планетаның ішінде тіршілік бар, өмір сүруге болатын планета қалай аталады дедік? (Жер)

Қорытынды: Біз бүгін не жайында айттық? Ғарышкерлерден кімдерді білесіндер? Жұлдыздарды беріп мадақтау.

МЕНИҢ СҮЙІКТІ ОЙЫНШЫҒЫМ**ДАУОВА МИРА МАХМЕТОВНА***БҚО Жәнібек ауданы Жәнібек ауылы
МКҚК «Балдәурен» бөбекжайы тәрбиеші.***Білім беру саласы:** Қатынас**Бөлімі :** Сөйлеуді дамыту**Мақсаты:** Ойыншықтар жайында әңгімелесу арқылы, балалардың түрлі әрекеттердегі және алуан түрдегі ауызша және байланыстыра сөйлеулерін дамыту.**Міндеті:** Ойыншықтар туралы әңгімелесу, оларды сипаттап айтуға үйрету.
Сөздік қорын толықтыру.**Тәрбиелігі:** Ойыншықтарды күтіп, ұқыпты ойнауға тәрбиелеу .**Күтілетін нәтиже:****жасайды:** ойыншықты сипаттауды;**түсінеді :** ойыншық туралы түсінікті;**қолданады:** өлең жолдарын жаттауды.**Көрнекіліктер:** ойыншықтар, үле стірмелі суреттер (қонжық , мәшине , доп).**Сөздік жұмыс:** қонжық, мәшине, доп .**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы:****1.Ұйымдастырушылық кезең.**

М.Әлімбаевтың «Ойыншықтар» өлеңін оқып беру:

Біздерде бар қуыршақ,

Бұзау, қозы, құлыншақ.

Ойыншықтар тыңдайды,

Айтқаныңнан шықпайды.

2. Негізгі кезең

Өлеңнің мазмұнын түсіндіріп, өлең жолдарын жаттауға ұсыныс жасайды.

Бүгінгі оқу қызметінде ойыншықтармен танысатындықтарын айтып, балалардан топта, үйлерінде қандай ойыншықтар барын сұрайды.

– Сенің қандай ойыншығың бар?

Әр баланың жауабы тыңдалады.

– Ойыншықтарыңды жақсы көресің бе?

Балалардың жауаптары тыңдалады.

– Ойын шығың қандай? (Үлкен, кішкентай).

– Сен ойыншықтармен ойнап болған соң, орнына жинайсың ба?

– Ойыншықтардың тұратын жерін білесің бе?

Ойыншықтарды лақтырмай, сындырмай, ұқыпты ойнау керектігін айтады.

Балалар өлеңді қызығушылықпен тыңдайды.

Ғажайып сәт : «Сиқырлы сандық».

– Кәне, сандықта не бар екен ?

– Қонжық, мәшине, доп бар екен.

– Енді осы ойыншықтарға әңгіме құрайық . Әңгіме құрауға көмектеседі.

Қонжық, мәшине, доп туралы түсіндіреді.

– Менің ойыншық қонжығым бар. Қонжықтың екі құлағы, төрт аяғы бар. Қонжығым өте сүйкімді.

Сергіту сәті:

Добым, добым домалақ,

Қайда кеттің домалап?

Үлестірмелі суреттермен «Не артық?» **дидактикалық ойыны** ойнатады .

Суреттен не артық екенін табады.

– Суретте гүл артық, өйткені ол ойыншық емес т.б.

3. Рефлексия .

Балаларға сұрақтар беріп, қайталатады. Педагог қорытынды жасайды, мадақтайды.

«ОТАН» (өлең) Ермек Өтетілеуұлы**АККИНЖАЕВА АҚЖАРКЫН КУТЖАНОВНА***Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы Қызылсай ауылы**№9 «Қызылсай» бөбекжайы тәрбиеші..***Мақсаты:** балаларды Ермек Өтетілеуұлының өлеңімен таныстыру.**Білімділік:** балалардың Отан туралы білімдерін нақтылай түсу, өлеңді мәнерлеп айтуға үйрету;**Дамытушылық:** сөздік қорларын кеңейту, есте сақтау қабілеттерін дамыту.**Тәрбиелік:** Отансүйгіштікке тәрбиелеу.**Сөздік жұмыс:** атамекен**Үштілдік компонент:** Отан – Родина – Homeland**Қажетті құрал-жабдықтар:** суреттер

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды шеңбер бойымен тұрғызып, Е. Өтетілеуұлының өлеңін оқиды. Шаттық шеңбер: Білер қазақ баласы, Сәлем – сөздің анасы. Алдымыздан кезіккен Көп танысты көреміз. Бәріне де ізетпен Біздер сәлем береміз. Қонаққа екі қуыршақ келеді. Бірі ауылда тұрған жақсы, бірі қалада тұрған жақсы деп дауласады. Бірі менің туған жерім сұлу десе, екіншісі менің туған жерім керемет дейді.	Жарты шеңберде тұрады Жарты шеңберге кілем үстіне отырады. Қызыға, мұқият тыңдайды. Амандасады. Қызыға, мұқият тыңдайды.

Ұйымдастыру– ізвестіру	Әңгімелеу. - Дауласпандар, қуыршақтар. Әркімнің туған жері, тұратын орны өзіне ыстық, өзіне барлық жерлерден де артық, барлық жерлерден әдемі болып тұрады. - Көп ақындар, жазушылар өз туған жерлері туралы көптеген өлеңдер, әндер жазған. - Туған жерді, туған елді – Отан деп айтамыз. Біздің Отанымыз – Қазақстан. Отанымызға құрмет көрсетіп, әркез мақтан тұту керекпіз. Сөздік жұмысы: - Біз – қазақпыз. Яғни, біздің ұлтымыз – қазақ. Қазақ тілінде сөйлейміз. Біздің аталарымыз да осы қазақ жерінде өмір сүрген, аталарымыздың аталары да Қазақстанда өмір сүрген. Сол себептен Отанды «атамекен» деп те айтады. - Бүгін біз Ермек Өтетілеуов деген ақын ағаларыңның «Отан» деген өлеңімен танысатын боламыз. Өлеңді мәнерлеп оқиды.Отан деген – атамекен ,Отан деген – туған жер,Отан – ана,Отан – үлкенҚазақстан – туған ел.Сергіту сәті: Сәлем саған, ата!Сәлем саған , апа!Сәлем саған, әке!Сәлем саған, ана!Амансың ба мен, бұл менің жанұям Сұрақ – жауап арқылы балалармен	Суреттерді тамашалап отырып, мұқият тыңдайды.Қызыққан , ұқпай қалған жерлерінде сұрақтар қойып, айқындап отырады. Жаңа сөзді қайталайды, есте сақтауға тырысады. орыс және ағылшын тілдеріндегі баламаларын есте сақтауға тырысады. Мұқият, қызығушылықпен тыңдайды.
--	--	--

	әңгімелесу. - Өлеңде не туралы айтылған? Отан деген не? Бұл өлеңді кім жазды дедім? - Енді Отан сөзін өзге тілдерде де айтып көрейікші: Отан – Родина – Homeland (хәумлэнд)	Сергіту сәтін қимылдарын келтіре отырып бірге орындайды. Сұрақтарға жауап береді. - Отан туралы айтылған. - Туған жер. - Ермек аға. Өзге тілдердегі баламаларын қайталап, есте сақтауға тырысады.
Рефлексивті– түзетушілік	Қорытынды: Суреттерді көрсете отырып, сұрақ – жауап арқылы оқу іс – әрекетті қорытындылайды. - Сонымен қуыршақтар екеуіңнің де айтқандарың дұрыс. Әркімге өз Отаны ыстық болады. Қуыршақтармен қоштасып, шығарып салады. Балаларды мақтап – мадақтайды.	Сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: туған жер, Отан туралы білу;

Болу керек: атамекен туралы түсінік,

Істей білу керек: өз ұлтын, өз Отанын біледі, өлең мазмұнын есте сақтай алуды .

ОЙЫН АРҚЫЛЫ БАЛАНЫҢ ОЙ-ӨРІСІН ДАМУ.

УТЕПБАЕВА БАКТЫГУЛ НАУРЫЗҚЫЗЫ

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы Қызылсай ауылы

№ 9 «Қызылсай» бөбекжайы тәрбиеші.

Мектепке дейінгі балалардың жан-жақты дамуы үшін ойынның ролі ерекше. Ойын - жалпы адамзат мәдениетінің бірегей феномені, оның қайнар көзі мен шыңы. Мәдениет феномені ретінде ойын оқытады, дамытады, тәрбиелейді, әлеуметтендіреді, көңіл көтертеді, дем алдырады, сонымен қатар, ол сықақтап, күлдіріп, кез-келген әлеуметтік мәртебенің шартты екендігін көрсетеді. Мектепке дейінгі мекемелерде адамгершілік тәрбиесі тәрбиелеу және білім беру үрдісінде әр түрлі іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады. Ұлы педагог В.Сухомлинский «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, қиялсыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды» дейді, демек, шәкірттің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы байи түспек.

Олармен ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып, бір-біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдерді тәрбиелеуге болады. Ал балаларды қоршаған ортамен таныстыру, тіл дамыту, табиғатпен таныстыру, бейнелеу өнері сабақтарында өлі-тірі табиғатқа деген сүйіспеншілік, үлкендердің еңбегіне қызығу мен сыйластық сияқты адамгершілік сапалары қалыптастырылады.

Ойын бала үшін — нағыз өмір. Егер тәрбиеші ойынды ақылмен ұйымдастырса, ол балаларға ықпал жасауға мүмкіндік алады. А.П.Усова былай деп атап көрсетті: «Балалардың өмірі мен іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру — оларды тәрбиелеу деген сөз. Тәрбиенің тиімді процесі ойын және ойынның өзара қарым-қатынастары формаларында жүзеге асырылатын себебі сол, бала мұнда өмір сүруді үйренбейді, өз өмірімен тіршілікетеді». Ойын мектепке дейінгі жастағы балалардың негізгі іс - әрекетінің бір түрі. Ойын барысында баланың жеке басының қасиеттері қалыптасады. Ойын барысында балалар дүниені тани бастайды, өзінің күш-жігерін жұмсап, сезініп білдіруге мүмкіндік алады, адамдармен араласуға үйренеді. Бүгінгі күн талабы – баланың ақыл - ойын парасаттылығын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойы жүйрік етіп тәрбиелеу. Сондықтан да баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытудың, бойында оқыту мен тәрбиелеудің негізін қалыптастырудың құралы – ойын әрекеті, яғни, ойын – баланың жетекші әрекеті. Бірақ, ойын тек қана балаларды қызықтырып, уақыт өткізудің құралы болмай, балаға берілетін білім мен тәрбиенің құнды негізі болуы керек. Яғни, оқыту-тәрбиелеу жұмысын бағдарлама талаптарына сәйкес ойын түрінде ұйымдастыра отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін арттыруға жағдай жасау мектепке дейінгі мекеме педагогтарының негізгі міндеті

Ойын барысында балалар педагогпен бірлесіп ереже бойынша қызықты тапсырмалар орындап, жағымды қарым – қатынас жасауы балалардың эмоционалды көңіл – күйлерін көтереді, сондықтан да дидактикалық ойынға қажетті құрал – жабдықтар, атрибуттар айшықты, мазмұнды безендірілуі де өте маңызды. Балалардың интеллектуалдық дамуына әсер ететін жаңа ойын технологиялары да біздің балаларға танымал. Мысалы: Логикалық тізбек ойындары. Логикалық ойлау арқылы бала саралау, салыстыру, жинақтау сияқты өз бетімен іс – қимылдар жасауды үйренеді. Баланың логикалық ойлауы өздігінен қалыптаспайды, оның дамуына мақсатты түрде білім беру мамандарының, ата - аналардың, балалардың бірлескен жүйелі жұмысы қажет. Балалар ойыны заттық – қол қимылының (пирамида жинау, текшелерден үй құрау) даму жолынан бастап интеллектуалды даму ойынына дейін жетеді. Логикалық ойлауды дамытудың негізгі рөлі математикалық ойындарға жатады. Бұл ойындар арқылы баланың интеллектуалды дамуы тек белгілі бір білім көлемін ғана емес, жалпы тәлім-тәрбиелік іс-әрекеттерді игерумен бірге, ойлау, қиялдау, есте сақтау, елестету және т.б. қабілеттерінің; танымдық, іскерлік, шығармашылық қасиеттерінің дамуын қамтиды. Мысалы, «Суреттерді есте сақта», «Керекті фигураны тап», «Қызықты геометрия», «Лабиринт ойындары» және т.б.. «Ойы саяздың, тілі саяз» деген ұлғатты сөз бекер айтылмаған. Ойлау негізі баланың сөйлеу тілін де қалыптастырады. Қорытып айтқанда, балаларды интеллектуалды дамыту тәрбиесі білімді тереңдетуге, бекітуге, оның тәжірибелік мәнін түсінуге септігін тигізеді. Баланың өмірге қадам басқандағы алғашқы қимыл әрекеті – ойын, сондықтанда оның мәні ерекше. Жас баланың өмірді тану, еңбекке танысы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын түрінде қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі балалардың қоғамдық құбылыстарды, қоғамдағы ересек адамдардың іс - әрекетін өз түсінігінше әрекеті арқылы бейнелеуі ойын болып саналады. Ойынның шығу тарихына шолу жасауда көңіл аударатынымыз ол еңбекпен, өнермен, қоршаған ортамен тығыз байланыста дамыған, яғни ойынды өмірден ажыратып қарай алмаймыз балалар тек ойнап қана қоймайды, сонымен бірге ойлайды, аңғарады көп нәрсені білуге, зерттеуге талпынады. Олар бірдеңе жасап қана қоймайды, сондай - ақ заман ағымына да белсене қатысады. Балабақшаларда оқыту – тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс - әрекет кезіндегі тілдік қарым - қатынаста қолдана білуге жаттықтыру. Ойын дүниеге ашылған үлкен жарық терезе іспеті. Ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Адамды өжеттілікке, шапшаңдыққа, ептілікке, батылдыққа, байсалдыққа, тапқырлыққа үйрететін де ойын. Бала үшін ойын өзін - өзі жетілдіру мен өзін - өзі көрсетудің құралы. Баланы ойынға қызықтыра отырып оқу іс - әрекетін ойын түрінде күрделендіре түсу керек. Ойын баланың ойлау қабілетін жетілдіре отырып, оның қиялын дамытады. Бала жалғыз ойнағанды ұнатпайды, ол қатар құрбыларымен бірлесіп ойнай отырып бір - бірімен қарым қатынас жасайды.

Оқу ісі - әрекетінде қолданатын ойын түрлері мынадай топтарға бөлінеді.

Ойынның түрлері:

- Ұлттық ойындар
- Сюжетті рольді ойындар
- Педагогикалық ойындар
- Дидактикалық ойын
- Шығармашылық ойын
- Қимылды ойындар

Педагогикалық ойын технологиясы дегеніміз - педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы.

Дидактикалық ойындар арқылы оқу іс - әрекеті барысында балаларды қызықтыру мақсатында қолданылады және мектеп жасына дейінгі ұйымдардың барлығында да, оқу іс - әрекеті ойын түрінде өткізіледі. Оқу іс - әрекеті барысында ойын түрлері жас ерекшеліктеріне байланысты қолданылады.

Тәрбиеші ойынға тек қана баланы қызықтырып қоймай, бес саланы білім берудің негізгі құндылығы деп түсінсе ғана өз мақсатына жете алады.

Педагогикалық ойын технологиясы дегеніміз - педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы.

Дидактикалық ойындар арқылы оқу іс - әрекеті барысында балаларды қызықтыру мақсатында қолданылады және мектеп жасына дейінгі ұйымдардың барлығында да, оқу іс - әрекеті ойын түрінде өткізіледі. Оқу іс - әрекеті барысында ойын түрлері жас ерекшеліктеріне байланысты қолданылады.

Тәрбиеші ойынға тек қана баланы қызықтырып қоймай, бес саланы білім берудің негізгі құндылығы деп түсінсе ғана өз мақсатына жете алады.

Ойын түрлерінің тәрбиелік мәні зор, ол әрбір адам денесінің дамып жетілуіне пайдасы мол. Ойын үстінде балалардың бойындағы барлық дерлік психологиялық процестері, сезімдері мен эмоциялары, ерік - жігер қасиеттері шыңдалады, мінез - құлық айқындала түседі.

Бала өзіне жаңалық болып сезілген әрқилы нәрселерге еліктегіш келеді. Бала осы қасиетімен өз қабілетімен ерекшеліктерін аңғартады. Баланың жағымсыз мінезінің байқалатыны да осы тұста. Тәрбиеші ойын барысында тілдің дыбыстық мәдениетінің барлық жақтарын жетілдіруге, сұраққа толық жауап беруге, баланы үйретіп отыруы керек.

Үлкендер өзіне тән ерекшеліктерін еңбектену барысында көрсетсе, мектеп жасындағы балалар сабақ үстінде, ал мектеп жасына дейінгі балалар өз психологиясын ойын үстінде байқатады. Балалар ойын арқылы күрделі әрекеттерді, білімді үйренеді және үлкендер де үйретуге тиісті. Ойынның өз мақсаты, жоспары болады. Ойын мен еңбектің бір - біріне ұқсас сипаттары көп, кейбір педагогтар, ғалымдар «Жақсы ойын - жақсы жұмыс сияқты да, ал жаман ойын - жаман жұмыс сияқты» деген. Баланың қуанышы мен реніші ойын арқылы байқалады.

Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшеліктері: бала ойланады, эмоциялық әрекетке ұшырайды, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері дамиды.

Мұның бәрі баланың шығармашылық қабілеті мен дарынын ұштайды.

Ойын үстінде бала бейне бір өмірдің өздігіндей қуаныш, реніш сезімге бөленеді. Ойын арқылы балалардың сөйлемдерді айту, сөйлем құрай білу, сурет бойынша әңгіме құрап айта білу, сондай - ақ әр баланы сөйлете отырып өз ортамен қарым - қатынасқа түсіп ашылуына себеп болады.

Ойындарда күтілетін нәтижелер:

1. Ойын - тәрбие құралы, ақыл - ойды, тілді ұштастырады, сөздік қорды молайтады, өзін қоршаған ортаны танып, мейрімділік сезімге тәрбиелейді.
2. Еркін мінез – қасиеттерін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді.
3. Ұжымдық сезім әрекеттері өсе түседі.
4. Эстетикалық тәрбие беру құралына айналады.
5. Еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді.
6. Дене күшінің жетілуіне көмектеседі.

Демек, ойын баланы жан - жақты жарасымды тәрбиелеудің психологиялық және физиологиялық негіздері болып табылады. Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы танып түсінуге де әсер етеді.

Балалар ойын арқылы тез тіл табысып бір – бірімен жақсы қатынаста болады.

Ойын үстінде де бала өз денсаулығын қимыл арқылы нығайтады. Ойынның қандай түрі болмасын атадан балаға яғни ұрпақтан ұрпаққа ауысып отырады. Халық ойындары өмір қажеттіліктерінен туады. Психологиялық жақтан денсаулықты нығайтуға негізделген.

Қорыта келе айтқанда:

Ойын мектепке дейінгі балалардың негізгі іс - әрекеті. Ойын балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты. Ойын арқылы балалар қоғамды тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады.

Бір сөзбен айтқанда, ойын баланың жан - жақты дамуын көздейтін, оның тілін жаттықтыратын, қимыл - қозғалысын жетілдіретін, белсенділігін арттыратын, басқа адамдармен қарым - қатынасын реттеп, құрдастарымен ұйымшылдығын арттыруға негіз болып табылады. Ойын - бала үшін біліктіліктің қайнар көзі. Сондықтан жас өрендер ойнай отырып ойлай білсін. Ойын көп жоспарлы, күрделі педагогикалық процесс болғандықтан мектепке дейінгі жастағы балаларды оқытудағы ойындық әдіс болып табылады. Оқыту формасы балаларды жан-жақты тәрбиелеудегі негізгі құрал болып есептеледі. Жас жеткіншектердің білімді, білікті болуында ойынның алатыны орны өте ерекше. Дидактикалық ойын арқылы балалардың білім алуға, оқуға қызықтыра отырып, тұлғалы дамуын қалыптастыруға болса, ұлттық ойындарымыз арқылы баланы алғырлыққа тәрбиелейміз. Мазмұны бойынша барлық ойындар балабақша бүлдіршіндерінің ақыл-ой белсенділігін қалыптастырудың маңызды құралы бола отырып, олардың бағдарлама материалының негізгі тақырыптары бойынша алған білімдерін тереңдете түсуді, әрі пысықтауды көздейді. Бұл дидактикалық, логикалық, сюжеттік, қимылдық ойындар балабақша бүлдіршіндердің сабақ үстіндегі жұмысын түрлендіре түседі. Себебі, ойын-оқу, еңбек, іс-әрекеттерімен бірге балалардың өмір сүруіне маңызды бір түрі. Ойын балалар үшін айналадағыны танып-білу тәсілі болып табылады. Оның негізгі ерекшелігі - балалар үн-түнсіз ойнамайды, тіпті, жалғыз болғанның өзінде де сөйлесіп жүреді. Ойын процесінде сөйлесу үлкен рөл атқарады.

ТЕҢДІК ЖӘНЕ ТЕҢСІЗДІК.**ТАБЫЛДИЕВА АЙГҮЛ ЖОМАРТҚЫЗЫ**

*Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы Қызылсай ауылы
№ 9 «Қызылсай» бөбекжайы тәрбиеші.*

Мақсаты: Балалардың заттарды салыстыру, теңдік, теңсіздік, тең, көп, аз ұғымдары, геометриялық пішіндер, сандар туралы білімдерін бекіту. Балалардың тілін дамыту жұмыстарын жалғастыру, іс - әрекет дағдыларын меңгерту. Балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін 3. Дьенеш, М.Монтиссори әдіс- тәсілдері арқылы арттыру. Балаларды бір-біріне көмек көрсету, сыйластықты қалыптастыру. Балаларды тапқырлыққа тәрбиелеу.

Шаттық шеңбер:

Біз қандаймыз, қандаймыз,

Шұғылалы таңдаймыз.

Күлімдеген күндейміз,

Ренжуді біз білмейміз.

Қуанамын менде,

Қуанасың сенде.

Қуанайық достарым,

Арайлап атқан күнге.

Балалар тәрбиешімен бірге шаттық шеңберін жасайды.

-Балалар бүгін біз математика ғажайыптар әлеміне барамыз.

-Балалар математика әлеміне бару үшін бізге қандай көлік түрі қажет?

-Дұрыс, балалар.

(тақтаға бір үлкен бір кішкентай поезд суретін ілу)

-Балалар мына тақтадағы поезд суреттеріне назар аударайық.

-Екі поезд бірдей ме?

-Назар аударайық.

-Екі поезддің неше вагондары бар екен санайықшы.

(вагондарды санау)

-Бір поезддің вагондары 5- еу біреуінде 4-еу.

-Неге біреуінде көп ал екіншісінде вагон аз.

-Екеіуі тең болу үшін неше вагон керек?

2-тапсырма

-Балалар осы екі вагонның арасына қандай таңбаны қоямыз?

3- тапсырма

Балалар, маймыл, ара, аю үшеунде геометриялық пішіндер бар екен. Оларда менде көп сенде аз деп дауласып тұр екен. Қайсысында көп қарайықшы.

(балалар санайды)

-Қандай таңба қоямыз.

Иә, дұрыс.

4-тапсырма

-Балалар, сандар менің құлағыма келіп сыбырлайды мен бірінші тұрамын деп бір-бірімен дауласып жатыр екен.

-Қане, балалар, қай сан бірінші тұрады.

Сергіту сәті.

-Балалар, біз «Ғажайып математика» әлеміне де жеттік.

-Бізге арнайы дайындаған тапсырмалары бар екен соны орындайық.

5-тапсырма

-Балалар мына тақтадағы геометриялық пішіндерге назар аударыңдар.

-Пішіндерді кім маған айтып береді?

-Осы пішіндер ішінде қандай пішіндер жоқ? (Дьенеш)

6-тапсырма

-Ал, енді балалар мына пішіндерге назар аударайық.

Мұқият қарап алыңдар. Көздеріңді жұмыңдар, аш дегенде бірақ ашамыз. Мен пішіндердің орнын ауыстырып қоямын қай пішін орны ауысты соны табамыз.

Үлестірмелі қағазбен жұмыс

-Балалар мен сендерге қазір әр түрлі тапсырма беремін.

-Бірің жоқ сандарды тауып нүкте арқылы белгілейсіңдер.

Ал бірің трафарет(Монтиссори әдісі) арқылы геометриялық пішіндерді бастырамыз, ал бірің мына суретте неше көлік тұр соған сәйкес таңбасын қоясыңдар.

Поезд керек.

Балалар топпен санайды.

Бір вагон үлкен ал екіншісі кішкентай.

Бір вагон керек.

Бір бала тақтаға шығып таңбаны қояды.

Үшеінде геометриялық пішіндер т

Балалар сандарды рет-ретімен қояды.

Иә

Бір бала жауап береді.

Тақтаға бір бала шығып жоқ пішінді орнына қояды.

Балалар көздерін жұмады. Жасырылған пішінді табады.

Балалар үлестірмелі қағазбен жұмыс жасайды.

Рефлексиялық- түзетушілік

-Балалар бүгінгі сабағымыз сендерге ұнады ма?

-Жақсы балалар.

-Келген қонақтарға сау болыңыздар айтып топқа барайық.

БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ БАЙЫПТЫ ҚАРАЙЫҚ.

ДЖАНИЗАКОВА ТЛЕКТЕС ТУРКЕСТАНОВНА
Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы Қызылсай ауылы
№ 9 «Қызылсай» бөбекжайы әдіскер.

Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы.
Ал-Фараби Балалардың өз өмірінде көргенін
қайталайтынын Абай былай деп көрсеткен:
«Балаға көбіне үш алуан түрлі...

Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы. Ал-Фараби Балалардың өз өмірінде көргенін қайталайтынын Абай былай деп көрсеткен: «Балаға көбіне үш алуан түрлі мінез жұғады. Біріншісі – ата-анадан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбы – құрдастарынан».

Солардың ішінде бала қайсысын жақсы көрсе, сонысынан көбірек жұғады. Сондықтан жұмыс қаншалықты қауырт болса да, қаншалықты шаршап-шалдығып жүрсе де ата-ана бала тәрбиесін ұмытпау керек. Тағы бір тәрбиеге нұқсан келтіретін ата-ана тарапынан жіберілетін қателік - баланы шектен тыс еркелетіп, қолына қомақты ақша ұстатып, өз еркіне жіберу. Қазіргі кезде заман өзгеріп, өмірімізге техникалық прогрестің жетілген кезде компьютерлік ойындар орталықтары ашылып жатқаны. Онда жүретіндер – балалар, ойынға салынып сабақты да, басқаны да қойып, өз алдына қызыққа батады. Тіпті ақша үшін ұрлық жасап, өз ата-анасына қол жұмсап жатқан балалар туралы да мәліметтер аз емес. Компьютерлік ойында да миын улап алатын апиындар. Осы мәселені әрбір от-басы алға - тартып, тереңінен пайымдауы керек. Осы ретте бала тәрбиесіне байыпты қарау керектігі әрбір ата-ананың жадында жаңғырып тұруы тиіс. Өмірге сәби әкелгесін, оның болашағын ойлау ләзім. Оның өмірге деген көзқарасын, келешекте қалай болмағын күні бұрын құнттаған жөн. Сөйтіп бала есейе келе сіз бен үйдің отағасынан көрген – білгендерін қайталай бастайды. Ендігіде сіз тәрбие беруші объектіге айналасыз. «Ұяда не көрс, ұшқанда соны ілетін» баланың ертеңгі жүріс-тұрысы, парасат-пайымы сөз саптауы мен өмірге деген көзқарасы бүгінгі сіздің болмыс-бітіміңізді қайталап жатса, оған таң қалудың еш жөні жоқ.

Енді осы баяндама негізін басшылыққа ала отырып, бала тәрбиесі жөніндегі сұрақтарға байыпты жауап іздейік.

1. «Тәрбие» деген сөзді қалай түсінесіздер?
2. Балаңыздың тәртібі жөнінде не айта аласыздар?
3. Балаңыздың үйдегі мен сыныптағы міндеті қандай?
4. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілер» деген мақалды қалай түсінесіздер?

Ендеше бала тәрбиесін екінші орынға ысырып қоймай, бесігіміздің дұрыс тербелуі үшін, бүгіннен бастап білек сыбанып кіріскеніміз дұрыс. Ата – ананың баласына сын көзқараспен қарап, кемшілігін түзетіп, жетістігін жебеп отыруы – тағы бір үлкен мәселе. Балаға сын көзмен қарау керек екенін М. Әуезов «Абай жолы» кітабында былай көрсеткен. Құнанбай өзінің қасындағы байшонжарларға Абайды қабілет – қарымын танып ел басқаруға ерте баулуы да содан. Әке – балаға сыншы. Ол бала бойындағы әрбір жақсы ісіне сүйсініп, теріс әрекетіне күйінеді. Әке тәрбиесі асауды ауыздықтат дыратын, тентекті тұзақтайтын, елдікті сақтайтын, ерлікті жақтайтын шаттығын шалқытатын ұлы мектеп. Ал ана тәрбиесі кешенді тәрбие, жинақталған аса тағы лымды мектеп. Сондықтан С. Қалиев пен Қ. Жарықбаев өз еңбектерінде «Тәрбиенің ең тамаша мектебі - отбасы» - деп көрсеткен. Қазақтар бала тәрбиесінде олардың жас ерекшелік- терін ескеру қажеттігіне ерекше көңіл бөлген. Баланы 5 жасқа дейін патшадай күт, 10 жасқа дейін құлдай жұмса, 15 жастан асқан соң досындай сырлас деген ұстанымдарында баланың жас санап жетілу ерекшеліктерін ескеру қажеттігі нақты көрсетілген. Баланың жақсы болғаны – әке мен шешенің абыройы.

Жаман бала отбасының қайғысы, азабы, соры. Бұл пікірді атақты педагог В. Сухомлинский айтқан. Бала тәрбиесінде мектеп пен отбасы міндеттері өте үлкен және отбасының орны күннен күнге күшейе түседі. Түсінігі таяз ата-аналар да кездеседі. Оларға «бала ларыңыздың оқуы нашар, соған көмек көрсетунуз керек» - десең еститінің «Оқымаған адамдарда нанын тауып жеп жүрғой, қайтейін сау болса болар». Бұл әңгіме нан табуда емес, балалардың оқуында, тәрбиесінде болып тұр емеспе? Осындай отбасылардан қандай тәрбие күтуге болады? Ата-ана отбасы ұйыт қысы балалардың бағбаны, сондықтан олар жақсы қасиеттерімен балалардың келешегіне үлкен әсерін тигізулері керек. Бала тәрбиесімен оның анасы ғана айналысатын отбасылар да бар. Мұндай жартыкеш тәрбие де жақсы нәтиже бермейді. Әке өнегесі, әке тәрбиесінің орны қашанда бөлек. - Ата – аналардың өмірі көптеген қиыншылықтар мен уайымнан тұрады. Олар ашу, ыза, қуаныш, қызғаныш, сенімділік, күйініш, өкініш ретінде көрініс береді. Мектепте мұғалімдер мен психологтарды мазалайтын басты мәселе «қиын» балалар. Баланың қиын мінез- құлқының себебі оның отбасындағы ата-анамен қарым - қатынасына байланысты. Осы бағытта отба сындағы жайсыз психологиялық ахуалды бар отбасындағы ата- анамен бала арасындағы қарым-қатынас мектеп жа сындағы балалардың интеллектуалдық жеке тұлғалық дамуына көпшілік жағдайда кері әсерін тигізіп отыратын сөзсіз. Отбасындағы жағдайларды зертеушілер ондағы әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлардың белгісі бойынша төрт топқа бөліп көрсетеді: а) жалғыз басты ана немесе әке; ә) әлеуметтік бейімделмеген ата-ана; б) бай немесе кедей ата-ана; в) қарт ата-ана. Бұдан шығатын қорытынды – отбасындағы орта қандай болса, бала сондай болып өседі. Отбасындағы жайсыз ахуал қандай болсын балаға ауыр әсер етеді. Сондықтан ата-аналар балаларын мәдениетті, кіші- пейіл адал азамат етіп өсіргілері келсе, ең алдымен олардың өздері кіршіксіз таза адам болуы керек

ЫНТЫМАҒЫ ЖАРАСҚАН ТУҒАН ӨЛКЕМ ҚАЗАҚСТАН.**УТЕГЕНОВА НАЗГУЛЬ КАДЫРОВНА**

*БҚО Жәнібек ауданы Жәнібек ауылдық округі әкімінің аппараты
мемлекеттік МКҚК «Балдәурен» бөбекжайы тәрбиеші.*

Мақсаты:Балаларды 16-желтоқсан тәуелсіздік күні жайлы түсінік беру,Балаларды Отанға деген сүйіспеншіліктерін ояту,ұжымдыққа тәрбилелеу

Көрнекілігі:Рәміздер,слайд

Әдіс – тәсілдері: түсіндіру, көрсету, сұрақ – жауап,

Іс-әрекет бөлімі	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Себепті қызығушылығын ояту	-Сәлеметсіздер ме Балалар! -Бүгін еліміздің сан мыңдаған жылдар бойы армандаған,сол жылдары дүр сілкіндірген Желтоқсан оқиғасымен келген, тарихымызда алтын әріптермен жазылып қалатын 16 желтоқсан «Тәуелсіздік күні» мерекесіне арналған «Ынтымағы жарасқан ,туған өлкем Қазақстан»атты тәрбие сағатымызды ашық деп жариялаймыз. -Балалар біз қандай мемілекетті тұрамыз? -Иә,дұрыс айтасыңдар - Қазақстан Жоғарғы кеңесі 1991 жылы 16-желтоқсанды Қазақстан Тәуелсіз Республика деп жариялады.Бұл күн Қазақстан тарихына Тәуелсіз Қазақстан Республикасының туған күні деп алтын әріптермен жазылды. -Бұл жаңа Астана,жаңа бас қала -Тәуелсіз еліміздің рәміздері.Ту, Елтаңба,гимн. –Балалар біз Қазақстан Республикасында тұрамыз.Әрбір мемілекеттің рәміздері болады.Оны әр адам құрмет	Қазақстан Республикасында

	тұтады Енді орнымыздан тұрып оң қолымызды жүрегімізге қойып, Гимнді шырқайық	
Ұйымдасты рушылық кезеңі	- Енді Қазақстан Республикасының мемлекетік туына, назар аударайық Көк жүзінде әлемге нұрын шашқан Күн сәулесі, астында қияға қанат қаққан қыран. Қыран-тыныштықтың, берекелі өмірдің белгісі. Ою-өрнек тудың қай елдікі екенін аңғартады. —Мынау Қазақстанның Республикасының мемлекеттік Елтаңбасы -Елтаңбада шаңырақ, күн сәулесі, қанаты бар арғымақ аттар, бес бұрышты жұлдыз, ал төменгі жағында (Қазақстан деген жазуы бар) бейнеленген. —Балалар Үлкен мерекелерді, салтанатты жиындарда туымыз көтеріліп гимн орындалады. Туды ең сыйлы адам ұстайды. Гимн орындалған кезде орнынан тұру әр адамға міндет болып саналады. —Балалар біздің еліміз көп ұлтты мемлекет қатарына жатады. Біз қазақ елі әрқашанда достық қарым-қатынастамыз. Олар біздің елімізде тұрса да өз тілдерінде сөйлеуге, салт-дәстүрін сақтауға ерікті. Сонымен бірге олар біздің елімізде туып өскендіктен менің елім Қазақстан деп айта алады. —Кәне балалар тәуелсіздікке арналған тақпақтарға кезек берейік. Желтоқсанның ызғары —ай, Кірпікке қатқан мұздар —ай «Елім —ай» деп егілген Қаһарман ұлдар, қыздар-ай.	

	Тәуелсіздік- ел болу Ынтымақпен өрге озу. Еркін және өзге елмен Терезесі тең болу Балабақша серпін нық, Көкке атады бөркін жұрт Тәуелсіздік –ынтымақ Тәуелсіздік еркіндік. Тәуелсіздік- Бақ туын Қолға ұстаған сәт бүгін, Болсын дәйім шат күнім -Балалармен ұжымдық жұмыс Туды жапсырудың жолдарын көрсетіп өтемін. 1-үстел -Балалар,бірінші үлгіге көк түсті жіпті желіммен туды жапсырамыз Екінші сары түсті желіммен жіптерді күнмен,қыранды жапсырамыз әдемі тудың бейнесін жапсырдық 2-үстел: күнің шуақтарын алақандарымен бастырып бояу.	
Іс- әрекетті бағалау кезеңі	-Балалар,бүгін біз не жасадық? -оның түсі қандай екен? -туған жеріміздің Рәміздері,Елтаңбасы,туған жеріміз туралы көп мағұлмат алдық -Сендер бүгін өте жақсы қатыстыңдар.Сендерге көп рақмет.	

Күтілетін нәтиже

Нені біледі: 16-желтоқсан Тәуелсіздік күнін,Қазақстан Республикасының рәміздерін

Қандай түсініктерді меңгерді: Жіптермен желім арқылы,тудың бейнесін жапсыруды,күнің шуақтарын бояуды

Нені игереді:Желіммен тиянақты,таза жұмыс жасауды үлгі бойынша жапсыруды.

ОРМАНҒА САЯХАТ**ЖУМАЕВА РИММА ДЖАМБУЛАТОВНА**

БҚО Жәнібек ауданы Жәнібек ауылдық округі мекемесінің әкімінің
мемлекеттік МКҚК «Балдәурен» бөбекжайы тәрбиеші.

Мақсаты: Балаларды қоршаған ортамен таныстыру, айналамызға көмек көрсетіп, қамқор болуға және қайырымды болуға тәрбиелеу. Ұқыпты жұмыстана білуге дағдыландыру.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Себепті қызығушылығын ояту кезеңі	Жылулық шеңбері. Тәрбиешімен бірге шеңбер бойына тұрып, төмендегі өлең жолдарын орындайды. Алқанды ашыйық, Күннің нұрын салайық, Таза ауадан салайық, Жүрек жылуын салайық, Осы жақсы лебіздерді Бір-бірімізге сыйлайық. -жарайсыңдар, балалар. Құз туралы слайд көрсетіледі. Тәрбиеші балалардан қай мезгілді тамашалағандарын сұрайды. - Балалар тамашалағанымыз қай мезгіл? - Құз мезгілі неше айдан тұрады? - Кім айлардың атауын атап береді? - Құз мезгілінде қандай өзгерістер болады? - Жарайсыңдар, балалар, өте жақсы жауап бердіңдер. Ғажайып сәт Есік қағылады. Есік алдында үлкен сәбіз жатады. -Балалар қараңыздаршы бұл неткен үлкен сәбіз еді? Бұны бізге кім жіберді екен? Сәбіз ішінде хат бар екен. Қанекей оқып көрейік.	Балалар шеңбер бойына тұрып, қимылдар жасап, өлең жолдарын қайталайды. Құз Зай Қыркүйек,казан,караша. Күн салқындайды, құстар жылы жаққа ұшып кетеді, ағаштар бүршік жарады, бөшешек шығады, т.б Балалар таңырқай қарайды.

	Хат оқиды. Балалар хатты қоян жіберіпті, бізді орманға көмекке шақырып жатыр екен.Қоянға көмектесуге орманға барамыз ба? Балалар орманға немен баруға болады? -Дұрыс айтасыңдар балалар, біз орманға автобуспен барамыз.Балалар орманға саяхатқа баруға дайынсыңдар ма? Ойын: «Жүреміз, жүгіреміз...»(тәрбиешін жетілігімен) -Аялдамаға барамыз -Қәнекей тез – тез жүрейік, әйтпесе автобустан кешігіп қаламыз -Аялдамаға келдік, енді автобуска отырамыз -Кетіп бара жатырмыз / «Мы едем, едем, едем» балалар әні ойналады/	-иә машинамен, автобуспен, поездбен. Иә (адам жүрісін салу үшін, қолымызбен аяғымызды соғамыз) (адам жүгірісін салу үшін, қолымызбен аяғымызды тез – тез соғамыз) (аяғымызды қолымызбен соғуды тоқтатып, қолымызды тіземізге қоямыз) (қолымызға рөлді алып, айналдырамыз)
Ұйымдастыру -шылық ізденіс кезеңі	Балалар міне орманға да келіп жеттік. Орманның ауасы қандай таза? Ауамен аздап демалайықшы . Таза ауада демалған қандай жақсы (мұрынмен демалу жаттығуларын жасату) -Балалар қараңдаршы не көріп тұрсыңдар? -Балалар қараңдаршы қоян мұңайып отырған сияқты, қәне сұрайықшы не болғанын, мүмкін қоянға көмек керек шығар. -Сәлеметсіз бе, қоян?Сізге не болды, неге мұңайып отырсыз? Қоян. -Сәлеметсіңдер ме, балалар.Сендердің келгендерің жақсы болды ғой, маған сендердің көмектерің керек.Түлкы үйіме келіп менің көжегімді ұрлап кеткен.Көжегімді табуға	-қоян Балалар қоянды тыңдайды. -ия (Массаж клемшелер үстімен өтеді)

	көмектесiңдершi. -Балалар қоянға көмектесемiз бе? -Ендеше жолға шығайық.Балалар мына жерде көпiр бар екен, қәнекей көпiрден өтейiк, орманның жолдары бүдiр – бүдiр екен, қәнекей жолдармен жүрейiк. -Балалар мына жерде мiне бiздiң iздеген Түлкiмыздың өзi де тұр екен. <i>Билингвальды компонент: түлкы-лиса-fox</i> -Түлкы,түлкы сен неге қоянның көжегiн ұрлап кеттiң? Көжектi жеп қойған жоқсың ба? Түлкы -жоқ жеген жоқпын. Балалар мыны конверттiң iшiнде менiң сендерге дайындаған тапсырмаларым бар, сол тапсырмаларды дұрыс орындасандар мен көжектi анасына қайтарып беремiн. -Балалар түлкы тапсырмасын орындаймыз ба? -Ендеше түлкы тапсырмаларыңды айта бер. 1 –тапсырма (Тәрбиешi жетекшiлiгiмен) Д/о не жетiспейдiМаксаты:Балалар аңдардын денi мүшелерiн бiледi.оларды орналастыра алады. Шарты:Балалар аңдардын дене мүшелерi түйме аркылы орналатыру. 2 – тапсырма. Дидактикалық ойын «Жубын тап» (Құрылымдалған) Максаты:Балалар аңдардын бiледi, аңдар туралы түсiнедi. Шарты: Ұқсас бөлiгiң сол аңның үстiне кою. -Балалар бiз түлкынын барлық тапсырмаларын орындаған сияқтымыз. Ендi қасқыр қоянға	-ия Балалар тәрбиешi нұсқауымен жұмыстанады. Балалар түлкы, қоянның айтқандарын тыңдайды.
--	---	--

	көжегін қайтаратын шығар. Түлкы. -Жарайсыңдар балалар . Сендер менің барлық тапсырмаларымды орындадыңдар. Менде енді сөзімде тұрып , көжекті анасына қайтарайын. Қоян. -Балалар сендерге көп- көп рахмет.Сендер қайырымды екенсіңдер.Сендер менің көжегімді түлкыден құтқару үшін түрлі тапсырмалар орындадыңдар. Мен осындай «Балдәурен» бөбекжайында ақылды, тапқыр балалардың барына қуанып тұрмын. -Жарайсыңдар балалар.Қоянға көп көмек көрсеттіңдер.Өздеріңнің ұшқыр ойларыңды , тапқырлықтарыңды қиындықтан қорықпайтындарыңды көрсеттіңдер. Балалар осымен орманға саяхатымыз аяқталды , енді өзіміздің тобымызға оралайық. Қәне бәріміз автобусқа отырайық. (Топқа оралау)	Балалар автобусқа отырып, топқа оралады.
Іс-әрекеттің бағалау кезеңі	Қорытындылау: Балалар біздер қай жаққа серуенге бардық? Орманнан не көрдіңдер? Кімге көмектестіңдер? -Балалар орманда тағы қандай аңдар мекен етеді екен? Сендерге серуен ұнады ма? Міне балалар ормандағы саяхатымыз аяқталды. Келесі серуенге қыс мезгілі шыққасын , қыс мезгілінің табиғатын тамашалауға шығамыз. Сау болыңыздар! Балаларды мадақтау.	-Орманға -Әдемі табиғатты, қоянды, көжекті, қасқырды. -аю, қасқыр, түлкі, қоян -Иә

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі:аңдар атауын, .

Қандай түсініктерді игереді: қамқорлық, қайырымдылық.

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: тапсырмаларды тез орындау

ТӘРБИЕШІ БОЛУ БІР БАҚЫТ**ЖАКИНА ГУЛСИМ ТУРИМТАЕВНА**

*БҚО Жәнібек ауданы Жәнібек ауылдық округі мекемесінің әкімінің
мемлекеттік МКҚК «Балдәурен» бөбекжайы тәрбиеші.*

Мен үшін де осынау өмірімдегі ең қастерлі әрі қасиетті мамандық ол – тәрбиешілік. «Жол таңдауда жалтандауға болмайды» дегендей, әу баста ұлтымыздың, тәуелсіз еліміздің ертеңі боларлық бүлдіршіндерді тәрбиелеу жолын таңдағанымға еш өкінбеймін. Керісінше, ауыртпалығы мен жауаптылығы қырық атанға жүк боларлық осы кәсіпті таңдау арқылы қоғамдық дамуға өлшеусіз үлес қосып келе жатқанымды мақтан етемін. Адам баласының өмірінде болуға тиіс бақыттың бірі не десек, ол – өз қалауыңмен таңдаған кәсіп-мамандығыңа деген салиқалы ынтызарлық әрі ыстық ықылас дер едім. Өз еңбегіне жан-тәнімен берілген жан ғана өмірдің мән-мағынасын, қоғамдық ортадағы жауапкершілікті, тұтастай ұлттың ертеңіне қоса алар өзіндік үлесін тереңнен салмақтай алса керек. Бір сөзбен айтқанда, өмірдің мәні адал әрі мағыналы, жемісті әрі нәтижелі еңбекте жатқандығын түбегейлі түйсіне алған әр адам биікке бастар жолдың қадірін салмақтай біледі. Қалаған ісіңе ғашықтық пейілмен қарай білсең, өмірден өз орныңды тапқандығың! Мұндай философиялық қағида бағзыдан қалыптасқан жоғары адагершіліктік ұғымдармен астасып жатыр. «Кәсібің – нәсібің» дейді қазақ даналығы. Шын жүреппен қалаған кәсіп арқылы ғана және жемісті еңбек арқылы өмірлік несібеңді, абырой-беделіңді, қоғам алдындағы құрметіңді еселей аласың. Ал, тәрбиеші болу – айтуға ғана оңай шаруа болғанымен, бұл мамандықтың қоғам үшін қаншалықты маңызы барлығын сол кәсіпті таңдағандар, осы жолда еңбек етіп жүрген жандар жақсы түсінеді. Көрнекті тұлға Ахмет Байтұрсынұлы: «Балам дейтін ел болмаса, елім дейтін бала қайдан болсын» деген екен. Балабақша тәрбиешілері қай кезеңде болсын ертеңгі елім деп еңірейтін ұрпақты тәрбиелеуге тер төгуде. Бұл жолда үлкен ізденіс, парасат қажет. Ендеше, тәрбиешінің әр күні ізденіспен, ертеңгі азаматты қалыптастыру жауапкершілігімен ұштасып жатады. Тәуелсіз елдің жас ұрпағын лайықты түрде тәрбиелеу – біздерге артылған аса жоғары міндет. Осы міндетті орындау үшін әрбір тәрбиеші жанын салады. Ендеше, олардың әрқайсысының еңбегі қашанда құрметке лайық деп білемін.

ТӘРБИЕШІ! Бұл әрдайым үлкен әріптермен жазылуға тиіс мазмұнды сөз деп танымын. Өйткені, біз елдің ертеңгі азаматтарын тәрбиелеудеміз. Өйткені, біз жас ұрпаққа қазыналы да бай ана тілі – қазақ тілін сіңірудеміз. Тіл арқылы бала бойына ұлттық құндылықтарды, дәстүр мен салтты, ұлтымызға тән ізгіліктерді, жалпы адамзатқа ортақ өркениеттік ұстанымдарды жұғысты етудеміз.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп ұлы Абай атамыз

айтқандай, менің де осынау қастерлі мамандықтың иесі атанғанымға он үш жыл болған екен. Қиындығы мен қызығы, ауартпалығы мен жауапкершілігі қатар жүретін осы еңбектің жолындағы педагогикалық ұстанымым - үнемі жаңалыққа ұмтылып, алдыңғы қатардан көріну және әр тәрбиеленушімнің бойынан жылт еткен жақсылықты, талап пен талантты тауып, бұлақтың көзін ашу, биікке жетелеу, сондай ізденістер арқылы биік мақсаттарды орындау. Сондықтан да бұл іс екінің бірінің қолынан келе бермейді. Өйткені, бұл – бала жанын тереңнен сезінетін, өз ісін жан-жақты білетін, бүлдіршіндерді жан-тәңмен сүйе алатын, оларды бағалай білетін нағыз маманның қолынан ғана келетін жұмыс. Ұлы педагог Г.Песталоцци: «Егер де сүйе білмесең, тәрбиелеу құқыған жоқ», деген екен.

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту еңбекке деген рухани адамгершіліктің қалыптасуына серпін беріп, негіз болады. Бірақ бұл қажеттілік балаға күш салмай іске асуы мүмкін емес, сондықтан оны еңбексүйгіштікке, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, дербестікке, белсенділікке және өз еңбегімен айналасындағыларға қуаныш сыйлауға талпынуына тәрбиелеу қажет.

Халқымызда «Жас келсе - іске» деген керемет сөз бар. Демек, мен бойымдағы жастық жігерімді, күш-қуатымды, жаңашылдығымды талапты әрі талантты шәкірт тәрбиелеуге жұмсауым керек. Болашақта өз тәрбиеленушілерімді биік белестерден көріп жатсам, сол үшін өзімнің аз да болса үлесім тиіп жатса, мен өзімді бақытты тәрбиеші-ұстаз, бақытты жанмын деп білемін.

Батыр Бауыржан Момышұлы: «Ешкім іштен батыр болып тумайды: батырлық та мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады» деп ұлы ой айтқан болатын. Біз бақшадағы бүлдіршіндерді жақсылық атаулыға тәрбиелеуге, тамаша ортада тәлімді тәрбие беруге әрдайым жауаптымыз. «Баланы ең әуелі мейір-шапағатқа, одан соң ақыл-парасатқа, ақырында нағыз пайдалы ғылымға, еңбекке баулы», дейді ғұлама А.Құнанбаев.

Мұндай қағидалардың барлығы біздің күнделікті жұмысымызда басшылыққа алынуға тиіс екенін ұмытпай, еңбегімізді осы бағытта құрамыз. Он жылдан аса тәрбиешілік еңбекте жүріп түйгенім – тәрбиешілік еңбекке мен басыбүтін бой ұсынып, әбден қалыптастым. Бүгінде балаларға мейірім төге отырып, биік белестерге жетуіне жауапты екенімді ешуақытта естен шығармаймын.

ҚАРЛЫҒАШ ПЕН ДӘУІТ (ертегісі)**БЕРИККАЛИЕВА АЙНУРА МУРАТОВНА**

*БҚО Жәнібек ауданы Жәнібек ауылдық округі мекемесінің әкімінің
мемлекеттік МКҚК «Балдәурен» бөбекжайы тәрбиеші.*

Мақсаты: Ертегіні үн таспадан тыңдау арқылы балалардың ой-қиялын жетілдіру, шығармашылық қабілетін шыңдау.

Көрнекіліктер: Үн таспа, құстардың суреті, ертегі кейіпкерлерінің атрибуттары.

Билингвизм: Тауық – курица, әтеш - петух, қарлығаш – ласточка, қарға – ворона, көкөк - кукушка.

***Сәлеметсіздер ме, балалар! Балалар бәріміз Алтын күнмен, Көк аспанмен,
Жер анамен, достарымызбен амандасып алайық.***

Армысың, Алтын күн,

Армысың, Жер ана.

Армысың, Көк аспан,

Армысың, жан досым

Жылуыңа жылу қос,

Міне менің қолым!

Балалар, бүгін ерекше күн біздің тобымызға қонақ апайлар келіпті.

Апайларға амандасайық.

Күннің көзі ашылсын,

Көкке шуақ шашылсын.

Құтты қонақ келіпті,

Төрімізге еніпті.

Амандасу үлкенге,

Тәрбиенің басы ғой.

Ал, қанекей бәріміз,

Сәлем дейік үлкенге.

Сәлеметсіздер ме, апайлар!

***Өте жақсы балалар. Балалар, өткен оқу іс-әрекетімізде туған өлкеміздің
құстарымен таныстық.***

Қазір жылдың қай мезгілі?

Қыс мезгілі.

Балалар, күз мезгілінде құстар жылы жаққа ұшып кетіпті. Енді олар көктем мезгілінде қайта келеді екен.

Балалар, құстар нешеге бөлінеді?

Құстар 2-ге бөлінеді.

Үй құстары

Тауық, әтеш, үйрек, қаз, күркетауық.

Үй құстарын қайда бағады?

Үйде бағады.

Дала құстары

Қарлығаш, сауысқан, қарға, көкек, тырна, торғай, т.б.

Дала құстары өз бетімен өмір сүреді. Олар ағаштар мен өсімдіктерді зиянды жәндіктер мен құрттардан тазартады. Содан ағаш жайқалып өседі де, таза ауа бөліп шығарады. Сол таза ауамен біздер демаламыз.

Балалар, кім құстар туралы тақпақ айтады.

1.бала:

Торғай, торғай, торғайсың,
Жақын неге қонбайсың.
Жем шашайын ойып ал,
Сонда аязда тоңбайсың.

2.бала:

Қарға, қарға, қарғалар,
Қар үстінде жорғалар.

3.бала:

Торғай, торғай, тоқылдақ,
Жерден тары шоқып ап.

4.бала:

Ала қанат сауысқан,
Құртты көрсе жабысқан.
Бір томадан томаға,
Секең, секең ауысқан.

5. бала:

Тырау, тырау тырналар,
Жем іздесең қырға бар.

6.бала:

Ақ қанатты шағала,
Айдында да, жағада.
Шарқ ұрып жүреді,
Ұшып келіп, іледі.

Ал енді балалар ойын ойнайық.

Ойын: «Қай құс қайда мекендейді?»

Балалар, құстарды мекен ететін жеріне орналастыруыңыз керек.

Үй құстарын орналастыру.

Дала құстарын орналастыру.

Балалар, қарлығаштың шырылдаған дауысы естіледі ғой.

Енді бәріміз үн таспадан ***Қарлығаш пен дәуіт*** ертегісін тамашалайық.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің тақырыбы: *Қарлығаш пен дәуіт.*

(Қазақтың халық ертегісі)

Мақсаты: Балаларға қазақтың халық ертегісі қарлығаш пен дәуіт ертегісін үн таспадан тыңдау, суреттер арқылы көрсету, достарына көмектесуге, сый-құрмет көрсетіп және достарына қамқор болуға үйрету. Сөздік қорын байыту. Бір қарлығаш жардың қуысына ұя салып, өмір сүріпті. Қанаттары қатпаған балаландары анасы азық әкелуге кеткенде, шыдамсыздана күтумен болады

екен.

Бір күні балапандарды жемекке қарлығаштың ұясына жауыз жылан өрмелеп шығып бара жатады. Мұны көрген қарлығаш аспан мен жерді шарлап, шыр-шыр етіп, балапандарына арашашы іздейді. Көкектен көмек сұрай барса: Бүркіт қонаққа шақырып еді, соған барғалы жатырмын, уақытым жоқ, - дейді көкек.

Одан шығып, қарғаға барса:

Үйленгелі жатқанымда мазамды алма, - дейді.

Қарлығаштың амалы таусылып, шырылдап ұшып келе жатады. Бір кезде дәуітті көреді.

Дәуіт қарлығаштың шыр-шыр еткен даусын естіп:

Достым, неге зарлайсың? – деп сұрайды.

Қарлығаш сонда:

Жауыз жылан балапандарымды жұтпақшы болып, ұяма өрмелеп жетіп қалды. Соған не істерімді білмей жүрмін, -деп, қарлығаш көзінің жасын төгіп-төгіп жібереді.

Олай болса, мені жеткіз тезірек, -дейді дәуіт.

Қарлығаш қанатын тосады. Олар көзді ашып-жұмғанша қарлығаштың ұясына жетеді. Жылан ұяға тақап қалған екен. Дәуіт пен қарлығаш енді бір сәт кешіксе, балапандарды қылғып сап, жұмсақ ұяда масайрап ұйықтамақшы екен.

Дәуіт аяғымен шаба тырнап, жыланның екі көзін ағызып жібереді.

Жауыз жылан сылқ етіп жерге құлап түседі де мерт болады. Дәуіттің ерлігіне сүйсінген қарлығаш онымен айнымас дос болыпты.

Содан бері талай заман өтсе де, екеуі бір ұяда тұрып, бірге өмір сүреді екен.

Балалар ертегі сендерге ұнады ма?

Ертегі желісі бойынша суреттер құрастырайық

Қарлығаш жардың қуысына не салды?

1-ші кімнен көмек сұрады? *Көкектен*

2-ші кімнен көмек сұрады? *Қарғадан*

Қарға не деп айтады? *Мен үйленейін деп жатырмын, мазамды алма.*

Алдынан кім шығады? *Дәуіт. Достым неге зарлайсың дейді. Менің балапандарымды жылан жейін деп жатыр. Соған жылап отырмын дейді. Онда мені тезірек жеткіз. Көзді ашып-жұмғанша олар ұяға жетті, ұяға жақындап қалған жыланды көреді. Жыланның басын шауып түсіреді. Жылан жерге сылқ етіп құлайды.*

Міне осылай, дәуіт пен қарлығаш бір ұяда өмір сүреді екен.

Ал, енді балалар бәріміз қарлығаштың бейнесін түрлі –түсті қағаздан жапсырып үйренейік.

III. Сергіту сәті. Қатар-қатар тұрайық,

Қарлығашқа ұқсайық.

Қанатымызды кең жайып,

Ұшып-ұшып алайық

Қазым-қазым қаңқылда,

Суда жүзіп саңқылда.

Жем берейін жейсің бе,
Кәмпит берші дейсің бе?
Жоқ, жоқ, жоқ,
Кәмпит тәтті ас болмас,
Арпа менен бидай шаш

IV. Ойын сабақ.

Ұшты, ұшты,
Қарға ұшты.
Ұшты, ұшты,
Алма ұшты.

Ұшты, ұшты,
Тырма ұшты.
Ұшты, ұшты,
Тырна ұшты.

V. Қорытындылау.

Мақал-мәтел айту.

Досы көпті жау алмайды,
Ақылы көпті дау алмайды.
Жақсы дос- жанға серік,
Жаман дос- малға серік.

Балалар бір-бірімізге деген жылы лебіздерімізді білдірейік.

Деніміз сау болсын!

Еліміз аман болсын!

Досымыз көп болсын!

Аспанымыз ашық болсын!

Осымен бүгінгі оқу іс-әрекетіміз аяқталды.

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек: Балалар үй құстары мен дала құстарын ажырата біледі, олардың ерекшеліктері мен пайдасы, өмір сүретін ортасы туралы біледі.

Меңгеру керек: Балаларды әдептілікке, сұлулыққа тәрбиелеу.

Жасай білу керек: Ойын түрлерін біледі, түрлі-түсті қағаздан қарлығаштың бейнесін жапсыра алады.

БЕРЕКЕЛІ АЛТЫН КҮЗ**КУАНЫШКАЛИЕВА ГУЛСИМ ЗИНАХМЕТОВНА***БҚО Жәнібек ауданы Жәнібек ауылдық округі мекемесінің әкімінің
мемлекеттік МКҚК «Балдәурен» бөбекжайы тәрбиеші.*

Мақсаты: Балаларға күз туралы түсінік беру. Ой-өрісін, тілін дамыту. Жылдың төрт мезгілін айыра білуге үйрету және күз айлары мен оның ерекшеліктерін ажыратуды үйрету.

Жүргізуші: Армысыздар халайық,
Бармысыздар халайық.
Күзгі тойды көз жазбай,
Келіндер қарсы алайық

деп, құрметті жиналып отырған қонақтар, бүгінгі біздің «Айгөлек» ортаңғы тобының бүлдіршіндерінің дайындаған «Берекелі Алтын күз» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер.

Ал ендеше бүлдіршіндерімізді қарсы алайық.

Балалар сендер бүгін өте әдемі болып келіпсіңдер. Кәне кім біледі біз бүгін қандай мерекені тойлау үшін жиналып отырмыз?

Балалар: Алтын күз мерекесін тойлау үшін жиналып отырмыз.

Жүргізуші: Дұрыс айтасыңдар, ал енді осы күз мезгілінде неше ай бар?

Балалар: 3 ай бар, қыркүйек, қазан, қараша.

Жүргізуші: Дұрыс айтасыңдар, күз мезгілінде қандай ерекшеліктер болады?

Балалар: Жаңбыр жауады, қатты жел тұрады, жапырақтар сарғайып жерге түседі.

(осы кезде желдің дыбысы естіледі) әуенмен залға Күз Ханшайымы келеді.

Күз Ханшайымы: Уа халайық, дархан далам армысың,
Табиғатым жаны жайсаң тал мүсін.
Ханшайымы күздің бүгін келіп тұр,
Алмақ болып бар халқымның алғысын.

-Сәлеметсіңдерме қонақтар, балалар.

Жүргізуші: Сәлеметсің бе Күз ханшайымы! Қош келдің, төрлет. Біздің балаларда сізді көргініне өте қуанышты. Балалар өзіңізге арнап би билеп, таппақ айтып өнерлерін көрсеткісі келіп тұр. Балалардың өнерлерін бірге тамашалайық.

Би: Жапырақтар

Таппақтар:

Алихан
Думан толы асқарлы,
Күз мезгілі басталды.

Күз әуені кеп жетті,
Әнге бөлеп жастарды.

Самал

Өрік, алма, шие, алша,
Жейдек, жүзім піседі,

Әзірет

Қуандырып біздерді
Кел жемісті алтын күз,
Өлкемізге күз келді
Кемелдейсіз халқымыз.

Шахрияр

Күн суытып
Жапырақтар түседі.

Аяла

Жеміс мол теретін
Күз дос екен бізбенен

Қауын, қарбыз, қияр, сәбіз,
Дүкендерге түседі.

Астық-жеміс жиылды.

Қамбамызға құйылды.

Жасмина

Қарашы күз келді, күз келді
Жапырақ жауыпты іздерді.
Құс біткен керуен тізеді,
Қара бұлт қабағын түйеді.

Бәрін тауып беретін
Жомарт екен күз деген

Ән: Күзгі вальс.

Күз Ханшайымы: Жарайсындар балалар өте тамаша. Олай болса балалар менің сендермен ойын ойнағым келіп тұр. Ойын шарты «Жазғы жапырақтардан күзгі жапырақтарды ажырат» деп аталады. Мына себетте араласып жатқан жасыл жапырақтарды оң жақтағы дөңгелекке, ал сары жапырақтарды сол жақтағы дөңгелекке ажыратып салуымыз керек.

Қане дайын болсақ, бастайық. (музыка ойналып балалар ойынға шығады)

Күз Ханшайымы: Рахмет сендерге балалар. Сендер ақылды балалар екендеріңе тағы көзім жетті.

Би: Қолшатырлар

Жүргізуші:

Тақпақтар.

Өмірхан

Сап-сары маңай,
Сап-сары тоғай.
Соңғы әнін айтып,
Құс кетті қайтып.

Айжанар

Алқаптан бидайды
Қоймаға ел жинайды.
Тырнасы тізілген,
Ұнатамын күзді мен.

Медина

Осень осень не спиши,
И с дождиками подажди!
Дай еще нам лета,
Солнышка и света.

Анель

Құстар қайтты ән салып,
Бұлт шарлады аспанды,
Қыс келеді жар салып
Күзгі суық басталды.

Жүргізуші:

Би: Көкөністер биі

Жүргізуші: балалар сендер бір дыбыс естідіңдерме?

(Осы кезде күн күркіреп, жамбырдың дыбысы естіледі. Арғы жағынан «Жамбыр» келеді)

Жүргізуші: Алақай, балалар жаңбыр жауды, балалар. Жаңбыр жауды. Кәнекей қолдарымызға қолшатырымызды алып жамбырмен бірге би билейік.

Ән: Уражай собирай

Тақпақтар

Никита

Нұрға бөлеп өмірді
Жырға бөлеп көңілді
Жарқыраған сәулесі
Күз әуені төгілді

Аружан

Алақай! алақай!
Шаттанды балақай
Күз түсті, дән пісті.
Айтамыз алғысты.

Раяна

Күздің қазан айында
Алма, алмұрт піседі.
Жапырақтар сарғайып,
Сыбдыр-сыбдыр етеді.

Чингиз

Күзім-ау, күзім-ау,
Мінезің бұзық-ау
Жаңбырың сіркіреп,
Келгенің қызық-ау.

Карина

Жұлдыз туып таң алды,
Әнге орап ғаламды,
Сазды әуен шаттыққа
Бөледі бар адамды.

Нұржан

Алдын, сары, қызыл, көк
Алуан-алуан жапырақ
Ағаштардан жамырап
Ұшты кенет жамырап.

Ән: Кап-Кап

Жүргізуші: Жарайсындар балалар

Алтын Күз: Рахмет балалар сендер өте өнерлі балалар екенсіңдер. Менің қайтуым керек, басқа балабақшадағы бүлдіршіндерге бару үшін. Сау болыңыздар!

Балалар: Сау болыңыз!

Жүргізуші: Ал ендеше осымен ертенгілігіміз аяқталды. Сау болыңыздар!

МАЗМҰНЫ

- *ТӨЛТАЕВА НАЗЕРКЕ СЕРІКБАЙҚЫЗЫ*
- *КАРЖАУОВА ЖАНАР БЕКТИЛЕУОВНА*
- *ДАУОВА МИРА МАХМЕТОВНА*
- *АККИНЖАЕВА АҚЖАРКЫН КУТЖАНОВНА*
- *УТЕПБАЕВА БАКТЫГУЛ НАУРЫЗҚЫЗЫ*
- *ТАБЫЛДИЕВА АЙГҰЛ ЖОМАРТҚЫЗЫ*
- *ДЖАНИЗАКОВА ТЛЕКТЕС ТҮРКЕСТАНОВНА*
- *УТЕГЕНОВА НАЗГУЛЬ КАДЫРОВНА*
- *ЖУМАЕВА РИММА ДЖАМБУЛАТОВНА*
- *ЖАКИНА ГУЛСИМ ТУРИМТАЕВНА*
- *БЕРИККАЛИЕВА АЙНУРА МУРАТОВНА*
- *КУАНЫШКАЛИЕВА ГУЛСИМ ЗИНАХМЕТОВНА*